

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасау кезінде қолданылатын сурет салу және жапсыру түрлері

<p>ЖАРИЯЛАНДЫ 23.04.2021</p>	<p>ТІРЕК СӨЗДЕР ата-анаға кеңес, ата-анамен жұмыс, бала дамуы, балабақша, балабақша әдістемесі, балабақша бағдарламасы, балабақша қазақша, балабақша тәрбиешісі, балалар дүниесі, балалар ойыны, балалар тәрбиесі, балалар үшін, балалармен жаттығу, балалармен жұмыс, балалармен тәрбие, баланың дамуы, дамыту ойындары, ерте даму, ерте оқу, креативті тәрбие, қимылды ойындар, логопед, мектепке дейінгі тәрбие, ойын әдістемесі, педагогика, сенсорлық даму, сөйлеуді дамыту, тәрбие және оқыту, тәрбиеші, тіл дамыту</p>	<p>СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/94688/</p>
---	--	---

Білім беру саласы:»Шығармашылық»

Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасау кезінде қолданылатын сурет салу және жапсыру түрлері

Мақсаты: балаларға көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету.Саусақпен және қылқаламмен сурет салу дағдыларын және көркемдік талғамын қалыптастыру,шығармашылық жұмыста саусақ қызметін дұрыс пайдалана білуге үйрету.

Қажетті құрал-жабдықтар,көрнекіліктер:демонстрациялық материалдар,Қуыршақ Кәусар,бұршақ,сүрткіш,желім,түрлі-түсті бояулар.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
<p>Мотивациялық қозғаушылық</p>	<p>Сәлеметсіздер ме,балалар! Балаларды шеңбер бойында бір-біріне жақсы көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.</p>	<p>балалар сәлемдесті,көтеріңкі күйде болды</p>

<p>Ұйымдастыру-ізденістік кезеңі</p>	<p>Таңғажайып сәт Топ бөлмесіне қуыршақ Кәусар кіреді. Қуыршақ балалармен сәлемдеседі. Тәрбиеші балалардың назарын қуыршақ Кәусарға аударады. -Балалар, қараңдаршы біздің досымыз қуыршақ Кәусар көңілсіз. Ал енді досымыздың көңілін көтеру үшін сәнді көйлек жасап берейік жарай ма, балалар? -Жарайсыңдар, балалар! Балаларға әртүрлі көйлек үлгілері көрсетіле отырып, көйлектердің түрлері көп болатындығы айтылады. Бірнеше қуыршақтың көйлегінің суреті көрсетіліп, түсіне, өрнегіне балалардың назары аударылады. -Ендеше бәріміз бірге қуыршақ Кәусарға арнап көйлектерімізді әдемі етіп безендіріп берейік. Ол үшін, балалар, біз бүгін екі топқа бөлініп жұмыс жасаймыз. 1-топ: Балалар, сіздер көйлектерді түрлі-түсті бояуларды қолдана отырып бояйсыздар. 2-топ: Балалар, сіздер сәнді көйлектерді бұршақтармен жапсырып, әдемілеп безендіресіздер. Ал, балалар, сәнді көйлектерді жасауға кірісейік. 1-топ балалары алдарыңыздағы көйлек үлгілерін өздеріңіз қалаған түске бояйсыздар. Ол үшін саусақ басын сол түске батырып, әртүрлі көлемдегі дөңгелектер салу арқылы безендіресіздер. Балаларға көйлекке дөңгелектерді салу жолдары көрсетіледі. Үлкен домалақтарды саусақпен, кіші домалақтарды қылқаламмен салу жолы түсіндіріледі. Балалардың түстерді лұрыс таңдауына бағыт береді және қандай түс таңдағанын сұрап отырады. Ұқыпты жұмыс жасаулары қадағаланады. 2-топ балалары Қуыршақ Кәусарға сәнді көйлекті бұршақпен безендіріп береді. -Балалар, бұршақтардың пішіні қандай? -Бұршақтардың түсі қандай екен? -Балалар, Қуыршақ Кәусардың көңілін көтеру үшін көйлектерге бұршақтарды жапсыруды бастайық. Дөңгелек бұршақтарды Кәусардың көйлегінің жеңдеріне және етектеріне жапсырамыз. Жасалу жолдары көрсетіліп түсіндіріледі. Ұқыпты жұмыс жасаулары қадағаланады. Сергіту сәті Көңілді әуенмен орындалады. Дидактикалық ойын: «Заттарды топтастыр» Ойын шарты сәйкес заттарды бірдей топтарға жинау. -Балалар, 1-топ балаларына қуыршақтың түсті бантиктерін беремін. Сіздер түстері бірдей бантиктерді бір топқа жинайсыздар. 2-топ балаларына әртүрлі қуыршақтар таратылады. Бірдей қуыршақтарды бір топқа жинайсыздар.</p>	<p>балалар Қуыршақ Кәусармен сәлемдесті</p> <p>балалар қуыршақ досына көмектесетіндіктерін айтты</p> <p>мұқият тыңдады</p> <p>зер салып тыңдады</p> <p>балалар көйлектерді әдемілеп безендіре бастады</p> <p>музыка ырғағына сәйкес қимылдар жасады</p> <p>ойынға қызығушылық танытты</p>
---	--	---

Рефлексивті-түзетушілік	-Балалар,біз бүгін не орындадық? -Кәусардың көйлегіне домалақтарды қандай түстермен безендірдік? -Кәусардың көйлегіне не жапсырдық? -Бұршақтың түсі қандай? Қуыршақ Кәусар балалардың өзіне әдемі де,сәнді көйлек жасап бергендеріне қуанып,рақметін айтып балалармен қоштасты.	балалар толық жауап беріп отырды жасаған көйлектерін қуыршақ Кәусарға табыстады Қуыршақ достарымен қоштасты
--------------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: көйлектер әртүрлі болатынын;

Нені игереді: досқа көмек беруді;

Нені меңгереді: саусақтардың және қылқаламның көмегімен әдемі көйлек әшекейлей білуді,желімдеу кезінде ұқыпты,мұқият орындау дағдысын.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.